

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	АР19175009 «Жаңа жаһандық сын-қатерлер жағдайында Қазақстанның жады саясаты мен онтологиялық қауіпсіздігін талдау»
Жоба өзектілігі	Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңа тәуелсіз Қазақстан, көптеген басқа посткеңестік мемлекеттер сияқты, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесіне кірісті. Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы демографиялық құрамы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесінде қиындық туғызды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы осы қиындықты шешу үшін жасалған маңызды қадам болды. Бағдарламаның басты міндеттерінің бірі тарихи жадыны жаңғырта отырып, ұлттық сананың көкжиегін кеңейтіп, ұлттық бірегейлікті сақтау болды. Бағдарлама ұлттық тарихымызға терең үңіліп, мемлекеттің өткені мен бүгінін және болашағын байланыстыратын ұлттық биографиясын қалыптастыруды міндеттеді. Ұлттық биография өткенді, бүгінді және болашақты үйлесімді және логикалық оқиғалармен байланыстыратын механизм ретінде қызмет етеді. Ол күнделікті өмірдің кеңістіктік және уақыттық параметрлерін анықтау арқылы мемлекеттің болашағына қатысты алаңдаушылығын реттеп, онтологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қ.К. Тоқаевтің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында ұлттың ұйысуы елдің одан әрі дамуының басты факторы ретінде аталды. Жаһанды тұрақсыздық жайлап, Қазақстанның мемлекеттілігінің тарихына қатысты жаңа сын-қатерлер пайда болып жатқан кезде тарихи жадыны жаңғырту арқылы қазақстандықтарды біртұтас ұлттық бірегейліктің аясында біріктіру – онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ең маңызды тәсілі
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты: Қазақстандағы жады саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөліне жан-жақты талдау жасау.
Жоба міндеттері	Зерттеу мақсатына сәйкес жұмыста келесі міндеттер алға қойылды: 1) Қазақстанның жады саясатын жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар және оның стратегияларын талдау. 2) Жады саясатына арналған бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іске асу деңгейін анықтау; 3) Жады саясатының ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен онтологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін зерделеу; 4) Қазақстанның тарихи жадындағы негізгі элементтерді, яғни тарихи нарративтерді анықтау. 5) Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен онтологиялық қауіпсіздігі арасындағы байланысты көрсету.

	<p>б) Қазақстанның жады саясатының сыртқы саясатпен байланысын, яғни көрші елдермен қарым-қатынасына әсерін көрсету.</p> <p>Осы міндеттерді орындау жобаның негізгі нәтижелері теориялық-әдістемелік негізі мен зерттеу нәтижелеріне сүйнетін, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен дамыту бойынша практикалық ұсыныстары бар аналитикалық құжат дайындауға мүмкіндік береді.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Күтілетін нәтижелер. Зерттеу жобасының негізгі нәтижелері теориялық-әдістемелік негізі мен зерттеу нәтижелерінен тұратын, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен онтологиялық қауіпсіздікті қамтамсыз ету бойынша жады саясатын қолдануға қатысты практикалық ұсыныстары бар аналитикалық құжат болады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала; - Жады саясатын тиімді пайдалану механизмдері бойынша әдістемелік нұсқаулық.
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ерназарова Әлия Құлахметқызы, биология ғылымдарының кандидаты, Индекс Хирша – 4, Researcher ID B-2441-2014, ORCID: 0000-0001-5195-1795, Scopus author ID: 55649077100. 2. Шаймерденова Ұлжан Тұрғанбекқызы, PhD докторант, Индекс Хирша – 1; Researcher ID AGI-8419-2022, ORCID: 0000-0001-7399-7639, Scopus Author ID: 57219003283. 3. Магмияев Ратбек Бекболатұлы, Индекс Хирша – 1; Researcher ID AGM-4258-2022, ORCID: 0000-0002-0096-6046, Scopus Author ID: 57218991361
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>